

№16 колледж МКҚК

Жария талқылау жиынының

№1 хаттамасы

Шардара қаласы

20.06.2024 ж.

Төрағалық етуші: №16 колледж директорының оку істері жөніндегі орынбасары Е. Билалов

Катысқандар:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Г. Дүйсебаева

Шардара ауданды «Зерек» қоғамдық қорының төрайымы: Нармұратова Ақ - Мейір Азретқұлқызы

Кадр бөлімінің менгерушісі: Г. Бектурсунова

Бас бухгалтер: О.Мамулина

Кәсіподақ ұйымының төрайымы: С. Орынбаева

Шаруашылық менгерушісі: Е. Рыскул

Күн тәртібі:

№16 колледж МКҚК –ның сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілетін ішкі талдау жұмыстары нәтижесінде қалыптастырылған анықтамасына талқылау жиыны өтті. Жиынға төрағалық етуші Е. Билалов сөз алғып, № 16 колледж МКҚК-нің 2024 жылдың сәуірдегі № 35 бүйрекшімен жұмыс тобы құрылып, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қамту кезеңі, 07.08. 2023 ж.-28.06.2024ж. аралығында жүргізілгендігін айтЫП өтті. Ишкі талдау нәтижесінде барлық құрылымдар бойынша жұмыс жүргізілді.

Жұмышы топтың жүргізген ішкі талдау жұмыстарының нәтижесі бойынша комплаенс – офицері міндеттін атқарушы баяндамашы Г. Дүйсебаевага сөз берді. Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау білім беру, оку бөлімі, кадрлық қызмет, қаржы-шаруашылық бөлімдері, мемлекеттік қызмет көрсету, әлеуметтік - тәрбие қызметі бойынша жүргізілді.

Білім беру ұйымдарының бос лауазымдарына орналасу, бос жұмыс орындарын жариялау Шардара аудандық Халықты жұмыспен қамту орталығы, Электрондық биржа арқылы жүзеге асырылады.

2023 жылдың 07 шілдесінен бастап 2024 жылдың 01 маусым аралығына негізгі қызмет бойынша -108 , жеке құрам бойынша -121, іс-сапар бойынша – 48 бүйрек шығарылған.

07 шілдесінен бастап 2024 жылдың 01 маусым аралығында 11 қызметкерлерден ішкі ауыс түйіс бойынша қызметтерін ауыстырған, зейнеткерлік жасқа толған 1 адам.

Жұмысқа - 13 қызметкер қабылданған Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне сәйкес құқық бұзушылық анықталған жоқ.

16 қызметкер жұмыстан шыққан және құқықбұзушылықтар және сыйбайлас жемқорлықтар анықталмады.

Ішкі лауазымдық ауысымдар кезінде құқық бұзушылықтар анықталмады.

Мекемеге бөлінген қаржыларды қаржы жылына арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес жұмсалған.

- 2024 жылға бекітілген қаржыландыру жоспарының 261024015 бағдарламасы бойынша 809934,0 мың теңге, бөлінген және жыл есебі бойынша 98,1 % қаржы игерілді.

инвентаризациялық тізімдер бойынша:

-Мекеме ішінде 2023 жылдың 10 қазанды №352 бұйрық негізінде тауарлы-материалды құндылықтарға түгендеу жұмыстары жүргізіліп, есептен шығарылды.

Жұмыс уақыты парагы бойынша қызметкерлердің ай сайынғы еңбекке ақы төлеу өз уақытысында толық көлемде жүргізілген.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының мемлекеттік сатып алуды конкурсының қорытындысы бойынша 2024 жылғы 16 қаңтардағы №1 хаттамасының негізінде тауарларды жеткізу туралы келісім шарт жасалды. 1 адамға шаққандағы тамактану нормасы күніне 734 теңге 52 тиын құрайды. Кәсіпорындар мен ұйымдарда практикада жүрген студенттерге тамактану қаражаты банк картасына төленіп отырады.

Студенттерге шәкіртакы ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 қаулысына сәйкес, аралық емтихан сессиясының нәтижелері бойынша "өте жақсы"-44119 теңге, "жақсы" - 39217 теңге төленеді. Жетімдерге-49021 теңге шәкіртакы төленеді. Шәкіртакы бұйрыққа және сабакқа қатысу табеліне сәйкес, жеке банк картасына ақша аудару жолымен төленеді.

Колледже 2023-2024 оқу жылының басында 5 студент жетім анықталды. Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қаулысына сәйкес, 2024 жылдың ақпан айында киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз ету үшін әр студент басына -153980 теңгеден қаражат бөлінген және әлеуметтік педагогтың қатысуымен АҚТ түзіліп, кеткен қаражаттың есебі накты көрсетілген.

Сонымен қатар сыйбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында оқу жылында «Таза сессия» акциясы өткізіліп, анонимді сауалнама алынған.


Жұмысшы тобының қорытындысы бойынша сыйбайлас жемқорлыққа тәуекелдінің жоқ екендігі анықталды деп өз сөзін аяқтады.

Шардара ауданды «Зерек» қоғамдық қорының төрайымы: Нармұратова Ақ - Мейір Азретқұлқызы өз ойын ортаға салып, №16 колледжінің түлектері сапалы, өз ісінің маманы ретінде мекемелерде жұмыс атқарып жүргенін айттып өтті. Өз елін сүйеттін, өз елінің нағыз патриоты, еліне адал қызмет ететін азаматтар болатынына сенім білдірді. Алдағы уақытта колледж ұжымына шәкірттерді тәрбиелеуде қажырлы еңбек етіп, сапалы мамандар дайындауда сәттілік тіледі.

Қаулы етеді:

- Ішкі талдау жүргізу қорытындылары бойынша сыйбайлас жемқорлық тәуекелдері айқындалған жоқ.
- Әдеп нормаларын сақтау, ұжымдағы моральдық- психологиялық ахуалдың жай-күйін зерделеп отыру сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы топ құрамына жүктелсін.
- Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстар ары қарай жандандырылсын.

Төраға:



Е. Билалов

Хатшы:

Г. Бектұрсынова

